

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

*Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы*

*Г. С. Имажанова
А. Б. Рахметуллаев
Ә. Е. Садықова*

П Е Д А Г О Г И К А

***Білім алушылардың педагогика
пәні бойынша танымдық
құралдары***

**ҚАРАҒАНДЫ
2015**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

*Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы*

*Г. С. Имажанова
А. Б. Рахметуллаев
Ә. Е. Садықова*

П Е Д А Г О Г И К А

***Білім алушылардың педагогика
пәні бойынша танымдық
құралдары***

(Оқу-анықтамалық құрал)

**ҚАРАҒАНДЫ
2015**

ӘОЖ 37.013
ББК 74.00
И 50

Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының
ғылыми кеңесімен ұсынылған.

Рецензенттер: *Е. Е. Серимов*, заң ғылымдарының кандидаты, әкімшілік құқық және ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі кафедрасының профессоры; *Е. Т. Тусунбеков*, педагогика ғылымдарының кандидаты, ПО басқару кафедрасының бастығы

Имажанова Г. С.

И 50 **Педагогика: Білім алушылардың педагогика пәні бойынша танымдық құралдары: Оқу-анықтамалық құрал / Г. С. Имажанова, А. Б. Рахметуллаев, Ә. Е. Садықова.** — Қарағанды: Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015. — 52 бет.

ISBN 978-601-7536-78-7

Оқу-анықтамалық құралда жоғары білім беру теориясы мен практикасында құқық қорғау қызметі бакалаврларын даярлаудың мәселелерін талдау, болашақ құқық қорғау қызметі бакалаврының кәсіби-тәрбиелік іс-әрекетке даярлығының мазмұны мен бүгінгі күндегі қоғамдық қажеттіліктің өсуіне сәйкестігі, қазіргі заманғы кәсіби педагогика ғылымының тұрғысынан қарастырылған.

ISBN 978-601-7536-78-7

ӘОЖ 37.013
ББК 74.00

Түсінік

Педагогика — бұл заңдылықтар, қағидалар, формалар және адамдардың білімі туралы ғылым.

Білім беру — бұл, біріншіден, білімнің, дағдылардың және ептіліктердің белгілі жүйесін адамның іздеуі және меңгеру үрдісі, екіншіден, танымдық күштердің дамуының белгілі деңгейінде көрінетін, сондай-ақ, адамның теориялық және тәжірибелік дайындығын меңгерудің нәтижесі.

Оқу (оқыту) — бұл адамдардың білімді, дағдыларды және ептіліктерді, қазіргі өмір мен әрекеттердің талаптарын ескере отыра меңгеруінің мақсатты үрдісі.

Тәрбие — адамдарда қоршаған орта мен қоғамдағы өмірге, ғылыми дүниетанымға, адамгершіліктік идеалдарға, нормалар мен қатынастарға тұрақты көзқарастарды қалыптастыруды мақсатты ұйымдастыру, оларда жоғарғы моральдық-саяси, психологиялық және дене қасиеттерін, сондай-ақ әлеуметтік органың және әрекеттің талаптарына сәйкес мінез-құлық дағдыларын дамыту.

Даму — бұл адамдардың оқу, тәрбиелеу және әлеуметтену барысында жеке тұлға ретінде қалыптасуы, қызметтерінің және өмір жағдайларының талаптарына сәйкес ақыл-ес және дене әрекеттерін функционалды жетілдірудің ұйымдасқан үрдісі.

Психологиялық дайындық — ол адамдарда өмірге және әрекетке деген тиімді, жағымды қатынасын қалыптастырудың мақсатты түрде ұйымдасқан үрдісі, жолында кездесетін қиындықтарды жеңуге іштей дайындығы. Ол оқыту және тәрбиелеу барысында жүзеге асады, бірақ жалпыдан өзге, арнайы оқу-тәрбиелеу шараларын талап етеді.

Оқыту, тәрбиелеу, дамыту және психологиялық дайындық арасында диалектикалық, күрделі, кейде кереғар өзара байланыс бар. Педагогикалық үрдіске (оқытуға) қағидалы бағыттылықты береді және адамдардың танымдық әрекетін белсенділендірудің маңызды құралы ретінде көрінеді. Оқыту барысында тек білім беру тапсырмалары шешілмейді, сондай-ақ оқушылардың дамуы мен психологиялық дайындығы да жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, педагогика өзіндік білім алу мен өзіндік тәрбие үрдістерінің мәнін зерттейді.

Өзіндік білім — адамның өз білімін кеңейту және тереңдету, бар білімін жетілдіру және жаңа дағдылар мен ептіліктерді меңгеру бойынша мақсатты түрдегі жұмысы.

Өзіндік тәрбие — қоғам мен әрекеттің талаптарына сәйкес жағымды сапаларын қалыптастыру, дамыту және жағымсыз қасиеттерін жоюға септігін тигізетін адамдардың мақсатты, белсенді жеке әрекеті.

1. Педагогика пәні



Түсінік

Педагогика педагогикалық үрдістің құрылымын, мазмұны мен диалектикалық толықтай дамуын, оның заңдылықтарын, негізгі қағидаларын, оқу-тәрбие жұмысындағы әдістері мен ұйымдастыру формаларын, сондай-ақ одан шығатын ережелер мен тәжірибелік ұсыныстарды анықтау мақсатында бейімделген.

Педагогикалық үрдіс — ол ұйымдасқан және мақсатты түрдегі адамдардың әрекеті (оқушылар мен оқытушылардың, тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілердің қажетті білімдерін, тәжірибелік дағдылары мен ептіліктерін, жеке тұлғалар мен топтардың моралдық-саяси, психологиялық және дене қасиеттерін қалыптастыру мақсатындағы).

Педагогика тек нақты қызметті атқарып қоймайды, сонымен қатар оқытушылардың педагогикалық шеберлігін қалыптастыратын, қолданбалы тәжірибелік білім жүйесі ретінде ұсынылады.

Педагогикалық заңдылықтарды аша отырып, оқыту мен тәрбиелеу қағидаларын негіздей отырып, педагогикалық формалардың, әдістер мен тәсілдердің салыстырмалы сипаттамаларын жүзеге асыра отырып және т. б., педагогика адамдарға әрекетті жолдарды, туындаған тапсырмаларды шешудің құралдары мен тәсілдерін көрсетеді.

Қандай педагогикалық тәсіл болмасын, оны тәжірибе жүзінде қолдану оқытушының жеке қасиеттеріне, оның тәжірибесіне, қабілеттіліктеріне, сезінуіне, іске деген қатынасына тәуелді. Оқыту мен тәрбиелеуде бірінші деңгейлі мәнге интуиция ие болады.

Бірақ субъективтіліктің үлкен рөлін тану педагогикалық әрекетте ғылымның рөлін азайтпайды, олар оқытушыларды оқу-тәрбиелеу тапсырмаларын шешудің әдістерімен жасақтандырады.

Қазіргі кезде педагогика оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілерін әзірлеуге, әлеуметтік-экономикалық факторларды және саяси факторларды, қазіргі жағдайдағы біздің халқымыздың өмірін есепке ала отырып, белсенді кірісуі тиіс.

Өзге ғылым сияқты педагогиканың да өз әдіснамасы, теориясы, әдістері бар және педагогикалық тәжірибелерге арналған ұсыныстарды жасайды. Оның мазмұнына келесілер кіреді: бақылаулар, эксперименттер, тәжірибелер нәтижесінде алынған деректі материалдар; заңдармен, қағидалармен, теориялармен айтылған ғылыми қорытындылар; тексеруді және тәжірибелік нақтылауды талап ететін гипотезалар.

Дұрыс, тәжірибе нақтылаған концепциялар және ұсыныстармен қатар, педагогика дамуының әр кезеңінде даулы, жеткіліксіз ғылыми негізделген пікірлер орын алуы мүмкін. Педагогика дами отырып ескірген және дұрыс емес ережелерін лақтырып тастайды, педагогикалық үрдістің мәнін немесе оның жеке элементтерін адекватты көрсететін жаңа идеялармен қаңқытырылады.

2. Педагогика тапсырмалары



Түсінік

Педагогика — ол педагогикалық тәжірибенің қажеттіліктерінің әсерінен дамитын, өз теориясы мен методологиясын (методология деңгейлері) қалыптастыратын және өз әдістерін қолданатын ғылым.

Педагогикалық тәжірибе — ол оқытушылар мен тәрбиешілерді, педагогиканың субъектілеріне, сондай-ақ объектілеріне, оқыту-тәрбиелеу үрдісінің сапасына, сондай-ақ ғылымның теориясы мен әдіснамасына өз талаптарын қоятын тікелей әрекет. Ол педагогиканың басты бағыттары мен даму формаларын күштеп таниды.

Педагогикалық теория — педагогикалық тәжірибенің анализінің негізінде өз ғылыми гипотезаларын жылжытуға және ойластыруға, алынған ғылыми деректерді тексеруге, орнатылған ережелерді қалыптастыруға мүмкіндік береді, ол нәтижесінде барлық педагогика ғылымын дұрыс және жан-жақты дамытуға септігін тигізеді.

Педагогиканың әдістері — ол педагогикалық құбылыстар мен үрдістерді зерттеудің әдістері мен тәсілдері.

Педагогика әдіснамасының деңгейлері — педагогикалық құбылыстар мен үрдістерді жан-жақты және нақты зерттеуге мүмкіндік береді және осының негізінде олардың мазмұны және қызметтік ерекшелігі туралы дұрыс қорытынды жасауға болады.


1 деңгей — **гносеологиялық**, педагогикалық құбылыстар мен үрдістерді талдауда ғылыми көзқарасты дұрыс қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2 деңгей — **дүниетанымдық**, бала тұлғасын қалыптастыру және дамыту факторлары туралы ережелерді енгізеді, білім беру, оқыту, тәрбиелеу жөнінде және педагогикалық құбылыстардың қоғамдық құбылыстары ретінде.

3 деңгей — **ғылыми-мазмұнды**, педагогика ғылымдарының заңдары мен заңдылықтарын дұрыс қалыптастыруға және негіздеуге мүмкіндік береді (оныншы және он бірінші бөлімдерді қараңыз), оқытудың теориясы мен әдісін және адамдарды тәрбиелеуді.

4 деңгей — **логика-гносеологиялық**, педагогиканың пәні мен объектісін дұрыс ойластыруға мүмкіндік береді (тоғызыншы бөлімді қараңыз), ғылым санатын жүзеге асыру және анықтау, педагогикалық теория мен педагогикалық тәжірибенің қатынасын, педагогиканың өзге ғылымдармен байланысын анықтау, іргетасты және қолданбалы зерттеулер мен әзірлемелердің қатынасы туралы ережелерді қалыптастыруға.

3. Педагогика ғылымының құрылымы



Түсінік

Педагогиканың дамуы біздің қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен, адамдардың өмір қажеттіліктерімен және әрекетімен, қазіргі ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерімен, ол оқытатын феномендердің логикамен трансформациялануымен детерминирленеді.

Осының барлығы педагогиканың алдына үздіксіз жаңа проблемаларды жылжытады, оларды шешу алдымен оның өзінің ішкі мүмкіндіктерін максималды түрде аффективті қолдануды талап етеді. Дәл сондықтан да, онда жаңа және өте жаңа құрамды бөлімдер мен салалар көріне бастайды.

Педагогика тарихы — педагогика саласы, педагогикалық идеялар мен көзқарастарды дамытудың тарихи кезеңдерін зерттейді.

Халық педагогикасы — педагогика саласы, адамдарды оқыту мен тәрбиелеуде дәстүрлі халық әдістері және тәсілдерін зерттеумен айналысады.

Жоғарғы мектеп педагогикасы — педагогика саласы, жоғарғы білім алу процесінде адамдарды оқыту мен тәрбиелеу және дамытудың ерекшеліктерін зерттейді.

Мектеп педагогикасы — педагогика саласы, орта мектепте білім алу процесінде адамдарды оқыту мен тәрбиелеу және дамытудың ерекшеліктерін зерттейді.

Түзету педагогикасы — педагогика саласы, адамдардың тұлғалары мен әрекетін түзету мүддесінде оқыту және тәрбиелеумен айналысады.

Кәсіби педагогикалар — педагогика саласы, түрлі кәсіп өкілдерін оқыту, тәрбиелеу және дайындау процесін зерттеуге бағытталады.


Бейресми білім педагогикасы — педагогикалық ғылым саласы, оқыту мен тәрбиелеудің бейресми (дәстүрлі емес) әдістері мен тәсілдерін зерттейді.

Ересектер білім педагогикасы — педагогика саласы, ересек адамдар білімінің формалары мен тәсілдерін арнайы зерттейді.

Педагогика әдіснамасы мен теориясы — педагогиканың арнайы құрамды бөлігі, оның әдіснамасына және теориялық проблемаларына басты назар аударады.

Педагогиканың түрлі салалары педагогикалық құбылыстардың сапалық өзгешелігін, олардың өзге қоғамдық феномендармен байланысын ашуға, ғылым ретінде педагогиканың ерекшелігін, қоғамдық білім салалары жүйесіндегі орны мен рөлін анықтауға мүмкіндік береді.

4. Педагогика ғылымдарының салалары



Түсінік

Педагогика өзге ғылымдарды зерттеулердің нәтижесін тірек ете алмайды. Ол олардан өзіне қажетті, дұрыс және жан-жақты феномендерді алады. Педагогиканың өзге ғылымдармен өзара қарым-қатынасы, педагогикаға не талап етілетіндігімен, білім саласы нақты немен айналысатындығымен анықталады.

Психология педагогикаға психиканы, жеке тұлға мен топтардың мәнін нақты, дұрыс түсінуге және осыны тірек отырып педагогикалық құбылыстар мен үрдістерді тиімді зерттеуге мүмкіндік береді.

Философия және социология (қоршаған шынайылық пен қоғамның дамуының жалпы заңдары туралы ғылым ретінде) педагогикаға адамдардың өмірі мен әрекетінің әлеуметтік ерекшеліктерін ескеруге және олардың оқытуға, тәрбиелеу мен педагогикалық әрекетіне әсер етуін назарға алуға мүмкіндік береді.

Физиология педагогикаға дене құрылымының ерекшеліктерін және адам нервтік жүйесі жұмысының заңдылықтарын ескеруге, олардың адамдарды оқытудағы, тәрбиелеудегі және дамытудағы рөлі мен мәнін көрсетуге мүмкіндік береді.

Экономика ғылымдары педагогикаға өндірістік қатынастардың даму заңдылықтарын назарға алуға және ескеруге, сондай-ақ адамдарды оқыту мен тәрбиелеу жағдайын жасайтын экономикалық процестерді айқын көрсетуге мүмкіндік береді.

Еңбек әрекеті туралы ғылым педагогикаға адамдарда кәсіби әрекет түрлеріне қажетті қасиеттерді дұрыс қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Политология адамдарды оқыту мен тәрбиелеудегі саяси құбылыстар мен үрдістердің әсерімен байланысты проблемаларды педагогика үшін ашады.

Этнология педагогикаға көбінесе белгілі этникалық ортақтықтың өкілдері болып келетін және оқыту мен тәрбиелеуде өз ерекше ұлттық тәжірибесі бар адамдарда ұлттық және өзге ерекшеліктерді дұрыс ескеруге мүмкіндік береді.

Тарихи ғылымдар педагогтарға адам мен қоғам, тәрбие мен білім және т. б. дамуының адам мен қоғам дамуының түрлі кезеңдеріндегі тарихи өзгешелігін көрсетеді.

Әдіснамалық негіздер (педагогиканың жалпы, арнайы және жеке әдіснамасы) педагогикаға қоршаған болмыстың құбылыстары мен заттарын, қызметі мен заңдылықтарының олардың арасындағы байланысын дұрыс ұғынуға мүмкіндік береді, осының негізінде адамдарға білім берудің, тәрбиелеудің, дамытудың және психологиялық дайындығының стратегиясы мен тактикасын құрады.

5. Педагогиканың өзге ғылымдармен өзаралығы



Түсінік

Педагогика дамуының эмпириялық кезеңі. Ежелгі кезден бастап адамзат түрлі уақыттар мен халықтардың түрлі білім мекемелер құрылымдарының оқыту, тәрбиелеу тәжірибелерін жинақтап және ұғынып келді.

Батыста ежелден афиндік және спартан тәрбиесінің мектептері, грек мәдениеті мектептері, шіркеулік, жиылыстық және қалалық мектептер, иезуиттік және христиан-католиктік оқытулар болған.

Шығыста қытай ғалымдары мектептік оқытуда төрт пәнді таратқан: өнеге, тіл, саясат және әдебиет; алғаш идеалды адам тұжырымдамасын ұсынған — шығу тегіне қарай емес, оқу мен тәрбиесінің арқасында. Арабтар мен иран ойшылдары білімнің жалпы құндылығын көтеруге тырысқан, жүйелі және тұрақты оқытудың маңыздылығы ерекше аталған, адамдардың жан-жақты дене және рухани даму қажеттілігі, үлкендерге ізет, әділдік, сыпайылық, батылдық сияқты қасиеттердің қалыптасуына көп көңіл бөлінген.

Педагогиканың ғылым ретінде қалыптасу кезеңі. Ғылыми педагогика XVII ғасырдың басында пайда болған. Оның негізін қалаушы педагог-гуманист Я. А. Коменский (1552—1670). Соның артынан аса назар *элементарлық және тәрбиелік оқыту теорияларын өңдеуге* (И. Гербарт), *дамытып оқыту дидактикаларын жүзеге асыруға* (Ф. Дистервег), *экспериментальді педагогика және педоцентризмге* (Д. Дьюи) аударылған.

XX ғасырда педагогикалық ғылым Батыста, сондай-ақ Шығыста, қоғамның экономикалық прогресіне қызмет көрсетуді, жоғарғы технологиялық оқыту жүйелерін құруды және нақты бағдардағы мамандарды дайындауды тірек ете отырып, қарқынды дамыды.

СССР-да педагогикалық ғылым тәрбие тапсырмаларын, білім беру сапалары мен тиімділігін арттыруды, жеке тұлғаны жан-жақты дамытуды айрықша шешіп жатты. Оның басты салалары келесілер болды: балалар педагогикасы (мектеп алдындағы, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы).


Кәсіби білім педагогикасы, жанұя тәрбиесі, жоғарғы мектеп педагогикасы, әскери педагогика, дефектология, педагогика тарихы.

Ресейде педагогиканың дамуы арнайы құрылған халықты ағарту Министрлігінің басшылығымен білім мекемелері жүйесін қалыптастыру жолы бойынша жүрген. Оның әрекетінің негізіне отандық педагогиканың негізін қалаушы К. Д. Ушинскийдің ойы мен идеялары жатыр.

Осылайша педагогиканың ғылым ретінде дамуына әсер еткен бірнеше кезеңдер болды.

6. Педагогика ғылымының даму тарихы


I. Педагогика дамуындағы эмпириялық кезең



II. Педагогиканың ғылым ретінде қалыптасу кезеңі



III. Педагогика дамуының қазіргі кезеңі



Түсінік

Қазақстандық педагогиканың даму жолы ерекше болып келеді. Қазақстандық педагогика ғылымының дамуындағы алты кезеңді шартты түрде атап айтуға болады.

Бірінші кезең — тәрбиелік ойлар жазылған эпос пен жырлардағы, ертегілердегі халықтың ауызекі өнерімен, қазақтың салт-дәстүрімен байланысты.

Екінші кезең — Шығыс Ренессанс дәуірі деп аталып кеткен шығыс мәдениетінің қалыптасу кезеңімен байланысады. Себебі еуропалық Қайта өрлеуге дейін араб-мұсылман ғалымдары антика дәуірінің рухани мұрасын түбегейлі зерттеп, өзіндік гуманистік әлемдік көзқарасын қалыптастырды.

Қазақ халқының педагогикалық көзқарастарының қалыптасуына Әбу Насыр әл-Фарабидің (870—950), Әбу Әли Хусейн ибн Абдаллах Синаның (980—1037), Әбу Рейхан Мухаммед аль-Бирунидің (970—1048), Әбу Хамид аль-Газалидің (1056—1111), Насәреддин Тусидің (1202—1273) және т. б. тәрбие және білім беру жайлы еңбектері зор ықпал етті. Алайда ғалым-энциклопедистердің тәрбие және білім жайлы құнды педагогикалық ойлары біртұтас жүйеге келтірілмеген еді.

Үшінші кезең — қазақстандық педагогиканың дамуына үлкен үлес қосқан танымал философтардың, ғалымдардың, ақындардың, жазушылардың, ағартушылардың атымен байланыстырылады, атап айтсақ, Ш. Уәлиханов (1883—1865), Ы. Алтынсарин (1841—1889), А. Құнанбаев (1845—1904), С. Торайғыров (1893—1920), Ш. Құдайбердиев (1858—1931) және тағы басқалар. Олардың тәрбие және білім беру жөніндегі ойлары, идеялары отандық педагогиканың дамуындағы аса маңызды құндылықтар болды. Мысалы, Ы. Алтынсарин қазақ мектебінің негізін қалаушы, ол бірінші болып «Қазақ хрестоматиясын» (1879 ж.), «Қазақтарды орыс тілге үйретудегі бастапқы басшылық» (1879 ж.) атты қазақ оқулықтарын жазған. Ы. Алтынсариннің басшылығымен алғашқы қазақ мектептері мен училищелері ашылды.

Төртінші кезең — дарынды оқытушы-педагогтар А. Байтұрсыновтың (1873—1937), Ж. Аймауытовтың (1889—1931), М. Дулатовтың (1885—1935), М. Жұмабаевтың (1893—1938), К. Жұбановтың (1899—1938), Х. Досмұхамедовтың (1883—1938), Е. Омаровтың (1892—1937), К. Кемеңгеровтың (1896—1937), Ш. Әлжановтың (1901—1938) аттарымен байланысты. Мысалы, М. Жұмабаевтың «Педагогика», Ж. Аймауытовтың «Дидактика», «Психология», «Тәрбиеге көмекші», «Жан жүйесі және өнер таңдау», «Комплексті оқыту жолдары» секілді еңбектері көпке дейін педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің негізгі оқу құралдары болып келді. Ш. Әлжанов бірінші боп педагогиканың және психологияның мәселелерін сабақтастыра зерттеп, жоғары оқу орындарында сабақ беру әдістемесін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді.

Бесінші кезең — 1937 жылдан 1989 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Қазақстандық педагогика кеңес педагогикасының жүйесінде дамыды. Бұл кезеңде оқушылар ұжымының қалыптасуы, жанұя мен мектептің арақатынасы, бағдарламалау және проблемалық оқыту, оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендендіру және т.б. мәселелер зерттелді. Осы кезеңде педагогика дамуына үлес қосқандар С. Қожахметов (1910—1945), С. Аманжолов (1903—1958), Т. Тәжібаев (1910—1964), Қ. Бержанов (1924—1976), Ә. Сембаев (1905—1989) және т. б.

Алтыншы кезең — 1990 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезең. КСРО-ның құлауынан кейін, педагогикалық ғылым біртұтас кеңес ғылым ретіндегі дәрежесін жоғалтып, тәуелсіз мемлекеттер достастығы өзіндік отандық ғылымның қалыптасуында жұмыс атқарды. Отандық педагогика белсенді түрде білімнің стандартталуы мен ақпараттануы, педагогикалық технологияларды енгізу арқылы мектептегі оқу мен тәрбие туралы мәселелерді зерттеу үстінде.

Осылайша, педагогика ғылым ретінде дамудың ұзақ жолын өтіп барып, жеке оқыту пәні ретінде бөлінді.

7. Қазақстандық педагогика ғылымының даму кезеңдері

Бірінші кезең — тәрбиелік ойлар жазылған эпос пен жырлардағы, ертегілердегі халықтың ауызекі өнерімен, қазақтың салт-дәстүрімен байланысты.

Екінші кезең — Шығыс Ренессанс дәуірі деп аталып кеткен шығыс мәдениетінің қалыптасу кезеңімен байланысады.

Үшінші кезең — қазақстандық педагогиканың дамуына үлкен үлес қосқан танымал философтардың, ғалымдардың, ақындардың, жазушылардың, ағартушылардың атымен байланыстырылады

Төртінші кезең — дарынды оқытушы-педагогтар А. Байтұрсыновтың (1873—1937), Ж. Аймауытовтың (1889—1931), М. Дулатовтың (1885—1935), М. Жұмабаевтың (1893—1938), К. Жұбановтың (1899—1938) т. б. ғалымдардың аттарымен байланысты.

Бесінші кезең — 1937 жылдан 1989 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Қазақстандық педагогика кеңес педагогикасының жүйесінде дамыды.

Алтыншы кезең — 1990 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезең. КСРО-ның құлауынан кейін, педагогикалық ғылым біртұтас кеңес ғылым ретіндегі дәрежесін жоғалтып, тәуелсіз мемлекеттер достастығы өзіндік отандық ғылымның қалыптасуында жұмыс атқарды.

Түсінік

Уәлиханов Шоқан (Мұхамедханафия) Шыңғысұлы (1835—1865) — қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы, шығыстанушы, тарихшы, этнолог, географ, фольклортанушы, суретші.

Қазіргі Қостанай облысы аумағында (Сарыкөл ауданы Күнтимес мекенінде) дүниеге келген. Бабасы — Абылай Қазақ Ордасының, атасы — Уәли Орта жүздің хандары болған. Әкесі — Аманқарағай округінің аға сұлтаны. Шыңғыс Уәлихановтың Күнтимес қыстауында ашқан қазақ мектебінде бастауыш білім алған. Шоқан осы мектепте оқып жүріп өлең, жыр, аңыз әңгімелерді оқуға және хатқа түсіруге машықтанды. Көне шағатай тіліндегі дүниелерді тануды, арабша, парсыша оқу дағдыларын меңгерді. Халық мұрасын жинауды қолға алған әкесіне көмектесе жүріп, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Едіге» жырларының нұсқаларын жазып алуға қатысты.

Ыбырай Алтынсарин (1841—1889) — Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсарин Қостанай өңірінде белгілі атақты Балқожа бидің отбасында тәрбиеленеді, тоғыз жасында Орынбор қаласындағы қазақ балаларына арналған жеті жылдық мектепке оқуға түсіп, сондағы шекара комиссиясында қызмет еткен белгілі Шығыс зерттеушісі Григорьевтен сабақ алды. Оның үйінде жиі болып кітапханасынан кітаптар оқиды. Мектепті үздік бітірген ол 1857—59 жылдары арасында өз атасы Балқожа бидің песірі (қағаз көшіруші) болады, 1860 жылы Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмаштыққа ауысады. Кейіннен өз қалауы бойынша Торғай қаласындағы бастауыш мектепте мұғалім болып келеді. Осы кезден бастап оның ағартушылық-педагогикалық қызметі басталады. Ол ел-елді аралап мектеп ашуға қаражат жинайды. 1864 жылы қаңтардың 8 жұлдызында жұрттың күткен мектебі ашылады.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда ол дүние жүзі педагогика классиктері К. Д. Ушинский, Ж. Ж. Руссо, Я. А. Коменский, Л. Н. Толстой, т. б. гуманистік идеяларын басшылыққа алады.

Абай Құнанбаев (1845—1904) — қазақ халқының ұлы ақыны, әдебиетінің негізін салушы ғана емес, сонымен қатар ұлы ойшылы. Оның поэтикалық шығармалары мен «ғақлия» сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық, педагогикалық ой пікірлерге толы.

Ұлы ағартушы Абай өзінің көптеген шығармаларында қазақ халқының ауыр тұрмысын және надандығын мінеп-шенеді.

Ұлы ойшыл адамның өсіп, жетілуіндегі тәрбие рөліне тоқтала келе, өзінің 19-қара сөзінде «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарына қосылады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді» — деп ақыл-

естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетін ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді. Абай «сүйекке біткен мінез сүйекпен бірге кетеді» дейтін теріс көзқарасты әшкерелеп, адам мінезі өмір барысынан сабақ алып, өзін қоршаған жағдайларға байланысты өзгеріске еніп, оның іс-әрекеттері арқылы көрінеді деген тұжырым жасайды.

Ұлы ақын Абайдың педагогикалық көзқарасындағы басты нысана «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол... жақсы көпке ортақ, пайдаң еліңе, халқыңа тисін», деген гуманистік ой-пікірді қуаттау болды. Оның жастарды тәрбиелеудегі педагогикалық көзқарастары дүниежүзілік педагогика классиктері Ж. Руссо, Д. Дидро, И. Кант, т. б. орыстың ұлы ойшыл педагогтары: Л. Н. Толстой, К. Д. Ушинскийдің ағартушылық ой-пікірлермен терең қабысып жатыр.

Шәкәрім Құдайбердиев (1858—1931) — Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырушы әрі ақын, әрі жазушы, аудармашы, философ, шежіреші әмбебап ғалым.

Ол жастайынан өнер-білімге, әдебиет пен тілге (араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік білген) бейімділік көрсетіп, көп ізденіп, шығыс, батыс классиктерінің еңбектерін оқып үйренген.

1905—1906 жылдары Орыс география қоғамының Семей бөлімшесіне мүше болған. 1905—1906 жылдары Меккеге сапар шегіп Стамбул кітапханасындағы бай мәдени мұрамен танысқан. Қайтып келе жатып, Ясная полянадағы Л. Н. Толстоймен кездесіп пікірлескен. «Толстойша» деген өлеңін жазған.

Ол халық аңыздары негізінде «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» дастандарын жазып, қазақтың әдет-ғұрыптары туралы мол мәліметтер береді. 1911 жылы «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» атты еңбегін жазды. Ол Толстойдың қысқа әңгімелерін, Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын, Пушкиннің «Дубровский» атты поэмаларын аударды. 1918 жылы «Абай» журналына Қожа Хафиз шығармаларын аударып бастырады.

Шәкәрімнің дүниенің жаратылысы, философиялық-геологиялық көзқарасы «Үш анық», «Қазақ айнасы», «Анық пен танық», «Мұсылмандық шарттары» атты еңбектерінен көрініс тапқан. Ол бұл еңбектерді жазбас бұрын батыс, шығыстың атақты ғалымдары: Пифагор, Маско, Эпикур, Демокрит, Аббас, Ньютон, Линней, Гасанди, Мұхаммед, Иисус Христос, Дарвин т. б. еңбектерін оқып шығып үлкен дайындықпен келген.

Ахмет Байтұрсынов (1873—1937) — Бүкіл саналы өмірін қазақ халқының бақытты, берекелі, бірлікшіл ел болуын аңсаған, сол жолда аянбай еңбек еткен ақын, аудармашы, тілші, ғалым, көрнекті қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов қазақ елін отырықшылыққа, мектеп ашып білім алуға шақырған ағартушы. Ол бірнеше оқулықтардың авторы: («Әліпби», «Тіл құралы»,

«Баяншы», «Әдебиет танытқыш» т. б.) Ол И. А. Крыловтың бірнеше мысал өлеңдерін аударып, 1909 жылы Петербургте «Қырық мысал» деген атпен бастырып шығарды.

А. Байтұрсынов М. Дулатовпен бірігіп 1913—1917 жылдары Орынборда «Қазақ» газетін шығарды. Онда мектеп, оқу-ағарту ісі, отырықшылық, сауда, ел билеу ісі, Мемлекетік Думаға қатынас мәселелерін сөз етті. Алдыңғы қатарлы елдерді үлгі етті. Надандықтан құтылудың жолы оқу-ағарту ісі деп қарады. Мектептерге білімді мұғалім кадрларын даярлауды көтерді. Қазақ алфавитін жаңартып араб әрпіне жаңа әліппе жасады.

Оқыту әдістерін жетілдіруді, оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңартуды көреді. «Оқыту жайында» атты мақаласында «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі. Бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу қисаймайды, ауытқымайды, түзу жүреді...» дейді.

Оқу ісін жолға қою үшін ғылыми жүйелілік жасалған оқу бағдарламасы болуы керек. Сол бағдарламаға негіздей жазылған оқулық болуы тиіс. Оқулықтағы білімді оқушы бойына дарыта білетін әдіскер мұғалім керек дегендерді көтереді. Сондай-ақ А. Байтұрсынов білім негізі бастауыш сыныпта салынады деп қарады. Бастауыш мектептерде қандай пәндер оқытылуы керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыс деп саралап көрсетіп берді. А. Байтұрсынов осы пәндердің оқулықтарын шығаруды қолға алды. Өзі бастауыш мектепке арнап «Әліппе» кітабын жазды. Сондай-ақ оның «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді грамматикасы кітабы (1925 ж.) шықты. Ал М. Дулатов бастауыш мектепке арнап «есеп» кітабы мен қирағат (ана тілі оқу) кітабын жазды.

Халел Досмұхамедов (1883—1937) 1909 жылы Петербургтегі әскери медицина академиясын оқып, бітіріп Керм губерниясында, кейін 22 Орал қазақ-орыс атқыштар батальонында әскери дәрігерлік қызмет атқарады. Осы кезден бастап қоғамдық істерге белсене араласып, «Орал», «Пікір», «Қазақ» газеттеріне мақалалар жазады.

1917 жылдан бастап Алашорда үкіметінің басқару жұмыстарына белсене араласады. Батыс Қазақстан өлкесіндегі Алаш партиясының белсенді қайраткерлерінің бірі болады.

1924 жылы Орта Азия университетінде ординатор, 1926—1929 жылдары Қазақ педагогикалық институтында проректор, кейінне педалогия кафедре меңгерушісі, профессорлық қызметтер атқарады.

Жаратылыстану ғылымы саласында тұңғыш «Адамның тән тіршілігі» (1927) «Сүйектілер туралы» (1928) «Жануарлар» (1929) атты оқулықтар жазып шығарады. Осы ғылым саласында тұңғыш ұлттық ғылыми терминдерді қалыптастыруда елеулі еңбек етеді.

Х. Досмұхамедов тарих, әдебиет, тіл білімі ғылымдар саласында да бірнеше ғылыми еңбектер жазып көзге түседі. Мысалы: «Қазақ халық әдебиеті», «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингормонизм заңы», «Кенесары-Наурызбай», «Шатай қозғалысы туралы» еңбектерінде қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің тәлімдік жағына баса көңіл бөлген, қазақ әдебиетін жинап зерттеуші орыс ғалымдары: В. В. Радлов, Н. И. Ильминский, Г. Н. Потанин, А. В. Алекторов, Ә. Диваев т. б. еңбектеріне талдау жасаған.


Міржақып Дулатов (1885—1935) 1897 жылы Торғайдағы орыс-қазақ мектебіне түсіп, оны 1902 жылы бітіріп шығып 6—7 жыл ауылда мұғалім болған Міржақып кейін Омбы, Қарқаралы қалаларына барады. 1909 жылы Уфада «Оян, қазақ» атты еңбегін, кейін «Бақытсыз Жамал» романын бастырып шығарады. «Айқап» журналына әртүрлі тақырыпта мақалалар жазып тұрады. 1913—1917 жылдары Орынборда А. Байтұрсыновпен бірге «Қазақ» газетін шығарады.

Қазан төңкерісіне дейін, сондай-ақ Кеңестік үкімет жылдарында Алаш үкіметі мен партиясының белсенді қайраткері болғаны үшін бірнеше рет 1922—26 жылдары Орынбордағы қазақ ағарту институтында оқытушы болады. 1922 жылы екі бөлімнен тұратын бастауыш сыныпқа арналған «Есеп құралы», 1924 жылы «Қирағат» атты оқулығын басып шығарды.

Ұлы педагог Ы. Алтынсариннің оқу-ағарту мәселесіне байланысты идеяларын әрмен қарай жалғастырып, ол да А. Байтұрсынов сияқты оқу-тәрбие істерін ғылыми тұрғыда қарастырды. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін марапаттап, шәкірттердің жаңа бағдарлама бойынша білім алуына, сабақтың ғылыми дидактикалық негізде жүргізілуіне зер салды.

М. Дулатов өзінің «есеп құралы» кітабын біріншіден, қазақ өмірімен байланыстырса, екіншіден тұңғыш рет елуге тарта материалдық терминдерді тілімізге енгізуді, үшіншіден оқулықтағы материалдардың білімдік және тәлімдік жағынан бірдей қарастырылуына зер салды. Сөйтіп, М. Дулатов математикалық оқудың негізін салды.

8. Қазақ педагогикасының дамуына үлкен үлес қосқан ғалымдар



Түсінік

Педагогика нақты адамдармен, жеке тұлғалармен жұмыс істейді (алтыншы бөлімді қараңыз). Ол оларды қаншалықты білетіндігіне және түрлі ерекшеліктерін ескеретіндігіне педагогикалық әсер етудің тиімділігі тәуелді.

Жеке тұлғаның жоғарғы жүйке әрекеті физиологиясының ерекшеліктері — ол оның нервтік жүйесінің қызмет етуінің ерекшелігі, түрлі сипаттамаларда көрінеді: нерв жүйесі жұмысының өзгешілігі, бас ми қабығындағы қозу және тежелу үрдістерінің қатынастары, темпераменттің, эмоциялар мен сезімдердің, мінез және қылықтардың көрінуі және т. б.

Жеке тұлғаның анатомо-физиологиялық ерекшеліктері — адам денесінің анатомиялық және физиологиялық құрылымына тәуелді оның сипаттамалары, оның психикасына және мінезіне, сондай-ақ педагогтың тәрбиелік және өзге әсеріне ұшыраған. Мысалы, нашар көру және адамның естуі, олар әрине адамның өзге әрекеттері мен қылықтарына әсер етеді, олар оқыту және тәрбиелеу үрдісінде ескеруі қажет.

Бейімділік — ол туа біткен организмнің анатомо-физиологиялық ерекшеліктері, олар қабілеттіліктерді дамытуды жеңілдетеді. Мысалы, жылжымалы нерв жүйесі сияқты бейімділік жағдайдың өзгеруіне адекватты жауап қайтару, жаңа әрекетке тез көшу, жұмыстың ырғағы мен қарқынын ауыстыруға қажеттігімен байланысты әрекеттің алуан түрінде дамуға септігін тигізеді және т. б. Бұл оқыту мен тәрбиелеу барысында ерекшелігімен көрінеді, әрине ол сөзсіз педагогтармен ескеруі тиіс.

Жеке тұлғаны қалыптастыруда маңызды факторлар болып қоршаған орта мен қоғам табылады.


Әдетте **табиғи-географиялық ортаны анықтаймыз**, ол жеке тұлғаның дамуына үлкен әсер етеді. Мысалы, шеткі солтүстікте өскен адамдар ұстамды, ұйымшыл, уақытты бағалауды біледі және **оларды үйреткен** нәрсеге дұрыс қарайды.

Макроорта, яғни оның барлық көріністеріндегі жиынтық, сондай-ақ жеке тұлғаны қалыптастыруға үлкен әсер етеді. Тоталитарлық қоғамда өскен адам, әрине демократиялық мемлекетте өсіп-өнген адам сияқты дамыған және тәрбиеленген емес.

Микроорта, яғни топ, микротоп, жанұя және т. б., сондай-ақ жеке тұлғаның детерминантты қалыптасуында маңызды. Дәл, микроортада адамның маңызды адамгершіліктік және өнегелік-психологиялық сипаттамалары қалыптасады, оларды бір жағынан назарға алу қажет, ал екінші жағынан оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде жетілдіру және трансформациялау қажет.

Қоғамдық-тиімді әрекет — ол еңбек, оның жағдайында адам дамиды және маңызды қасиеттері дамиды.

9. Адам тұлғасын қалыптастырудың факторлары



Түсінік

Өзіндік білімнің басты тапсырмасы — ол жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуы және жетілдіруі.

Оның сұлулығы өмірге деген руханилығы мен шынайы қатынасында көрінеді. Идеалды адамның мәдени-білімділік сипаттамасы, ол өзін үздіксіз рухани байлық білімімен, ептіліктермен және дағдылармен өзін-өзі жетілдірумен қанықтыратындығында. Осының барлығымен шындық, қайырымдылық және сұлулық үйлесімділігіне қол жеткізуге болады, жан-жақты дамыған және шынайы өмірге дайындалған идеал жүзеге асады.

Идеалға қарағанда, өзіндік білімнің мақсаты, өзінен жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларда қоғамдық өмір мен өзін-өзі жетілдіруде елеулі үлес қоса алатын шынайы, тұрақты жеке тұлға қалыптастыру. Бұған, оның мәнді рухани және дене күштерін, қабілеттіліктерін, дарындары мен таланттарын толық дамытумен қол жеткізуге болады.

Адамның үнемі *әдебиетпен өзіндік жұмыс істеуінің* арқасында қол жеткізіледі, онда ол еліктеуге және өзін-өзі дамытуға мысалдар табады. Осыған байланысты ақпараттар ағымында бағдарлана алу да маңызды. Ол ақпараттардың дереккөздерін, олардың күшті және әлсіз жақтарын білуден, тез және дұрыс бағалаудан, алынған мәліметтерді теориялық және тәжірибелік әрекетте қолданудың жолдары мен жағдайларын жедел анықтаудан жинақталады.

Содан кейін, адам еліктеу үшін үлгі ретінде оқығаны және тандағанының негізінде өзіне тәжірибелік әрекетке қажетті қасиеттерді жаттығу және бекітуге мүмкіндік беретін өзіндік *жаттығулар мен дайындықтарды* жүзеге асыра бастайды. Олар оның кәсіби қасиеттерін тегістеуге, адам алған білімін және жаңа ақпаратты меңгергендігін ескере отырып тәжірибелік әрекетте тексеруге мүмкіндік береді.

Сонымен, жан-жақты білімді адам тұрақты түрде, өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі дамытуға қажетті *аудиовизуалды құралдармен жұмысты* жинақтап, жаңа білім мен дағдылардың көмегімен сіндіріп, қоғам дамуындағы жаңа жетістіктерге қарап отырады.

10. Өзін-өзі тәрбиелеудің әдістері



Түсінік

Өзін-өзі тәрбиелеу — өзінде жағымды қасиеттерді қалыптастыру және жағымсыз қасиеттерді жою бойынша адамның мақсатты белсенді әрекеті.

Өмір нанымды түрде дәлелдеді, өзін-өзі тәрбиелеу — адамзаттық жеке тұлғаның жетілуінің міндетті жағдайы.

Өзіндік тәрбиенің мазмұнды құрауыштары арасында алдымен келесілерді көруге болады: **мақсаттар мен тапсырмаларды** терең түсіну, адам жасаған және қабылдаған өмірлік идеалдар, олар өзін-өзі жетілдіру бағдарламасының негізінде жатыр; әрекет пен жеке тұлғаға ұсынылатын, өзі терең ойлаған және қабылдаған талаптар; идеялы-саяси, кәсіби, психолого-педагогикалық, эстетикалық және өзге ғылымдар туралы өзін-өзі тәрбиелеудегі ағымдарды, мазмұны мен әдістемесі және өмірдің түрлі жағдайында айналыса алу ептілігі; ішкі қондырғының, дамыған өз санасының, өз мінезін объективті сынмен бағалау қабілеттілігі және жалпы, интеллектуалды, идеялы-саяси және кәсіби дамуы деңгейінің қажеттілігі; еріктік қасиеттерін белгілі жетілдіру дәрежесі және әсіресе қиын және күрделі, экстремалды жағдайларда өзін-өзі эмоционалды ретке келтіре алу әдетінің болуы.

Өзін-өзі тәрбиелеудің, әрекеттің басқа түрлері сияқты шығыты құрауышы болып **қажеттіліктер мен себеп** болып табылады — терең және күрделі сезінілетін, өзімен жүйелі және белсенді жұмыс істеудегі ішкі түрткілер.

Өзін-өзі тәрбиелеудің мазмұнды жағы өзіне адам тұлғасының даму аспектілерін енгізеді: идеялы-саяси, кәсіби, адамгершіліктік, этикалық, құқықтық, денелік және т. б.


Олардың әрқайсысы өзінде арнайы қасиеттерді өзін-өзі тәрбиелеу бойынша **тәжірибелік жұмысты** талап етеді және **өзін-өзі тәрбиелеу бойынша бағдарламаны** құрумен байланысты, ол ақылды, сезімді, ерікті дамытуды, түрлі нанымдар мен қылықтарды қалыптастыруды қарастырады.

Сондай-ақ адам тұлғасының даму саласы өзара тығыз байланысты, әрине, оларды өзіндік тәрбиелеуде кешенді көзқарасты талап етеді. Сондай-ақ үнемі өзін-өзі тәрбиелеу үрдісінде **тексеру мен өзіндік бақылауды, түзету**ді, оларға үздіксіз басшылық етуді талап етеді.

Өзіне, өз жеке қасиеттеріне, жағдайына, рухани және дене күштеріне сынды көзбен қарау қатынасын алғышарттайтын, адамның өз әрекеттерін, қылықтарын, мінезін өзіндік танымы және өзіндік талдауы маңызды рөл атқарады.

Бұл, өз алдына, өмірде, әлеуметтік ортада және әлеуметтік топта онсыз анықталуы мүмкін емес, өзін-өзі бағалаумен байланысты.

11. Өзін-өзі тәрбиелеу үрдісі



Түсінік

Өзін-өзі тәрбиелеудегі психологиялық алғышарттар. Өзін-өзі тәрбиелеу жеке тұлға дамуындағы, оның өзін-өзі зерттеуге, өзін-өзі сезінуге, өзін-өзі бағалауға, өз қылықтарын өзгелердікімен салыстыруға, өз әрекетіне сын көзбен қарауға, үздіксіз жетілуге тұрақты қондырғыларды өндіруге дайындығы мен қабілеттілігінің белгілі деңгейін алғышарттайды.

Өзін-өзі тәрбиелеуге септігін тигізуші жағдайлар.

Өзін-өзі тәрбиелеу — күрделі интеллектуалды, ерікті және эмоционалды үрдіс. Оның барысында адамнан өзіне өзі, сондай-ақ қоршаған адамдар әрекеттеріне терең саналы, мақсатты және өзіндік сынмен қарау, оған тәрбиеліліктің жетіспеушілігі, сондай-ақ өзін жетілдіру бойынша қойылған мақсатқа еріктік жігердің жетпейтіндігі жайында белгілі қобалжу сезімдерінің болуы талап етіледі.

Өзін-өзі тәрбиелеудің әдістері. Өзін-өзі тәрбиелеу түрлі жалпы және арнайы әдістердің, құралдар мен тәсілдердің көмегімен жүзеге асырылады.


Өзін-өзі тәрбиелеудің жалпы әдістеріне жататындар: жеке өмірінде және кәсіби әрекетте, өзіне есеп беруде өз-өзін міндеттеу, өзін-өзі ұйымдастыру және т. б.

Өз-өзін міндеттеуге өзін-өзі жетілдірудің мақсаттары мен тапсырмаларын сезінуді, өзінде сол немесе өзге сапаны немесе сапалық топтарды қалыптастыру және дамыту бойынша шешімдерді жасау, ойлау, іштей қабылдауды енгізеді.

Өзін-өзі міндеттеуге сәйкес, адамның **жеке өмірінің**, оқу, қызметтік және қоғамдық-саяси әрекетінің жоғарғы негізі ретінде, жеке мінездің қағидалары мен ережелері өндіріледі.

Тарихтан мұндай ережелерді өңдеу және тиімді пайдаланудың көптеген деректері танымал. Мысалы: «Егер мен аз білсем, мен көп білуге қол жеткіземін» немесе «Қажетті биікке қол жеткізу үшін, ережені ұстану керек: жеті рет өлшеп, бір рет кес»; «Ереже қылып алу керек: саны аз, сапасы көп болғаны абзал»; «Қомақы адамдық материалды алуға ешқандай үмітсіз болғанша, екі жылдан, тіпті үш жылдан соң болсын».

12. Өзін-өзі тәрбиелеудің сипаттамасы



Түсінік

Білім деп біріншіден, әдетте, ізденіс үрдісін және адамның белгілі білім, дағды, ептіліктер жүйесін меңгеруді түсінеді; екіншіден, осы меңгерудің нәтижесі, танымдық күштер дамуының белгілі деңгейінде көрінетін, сондай-ақ адамның теориялық және тәжірибелік дайындығы.

Білім оқыту үрдісінің қатысты нәтижесінің өзі, адамдарда білім, ептіліктер мен дағдылар, табиғат пен қоғамдық өмір құбылыстарына қатынасы жүйесінде қалыптасуын көрсетеді.

Білім сонымен қатар, білім жүйесі мен жеке тұлғалардың қатынасының, өмірдің өзгермелі жағдайларымен, жылдамдатылған ғылыми-техникалық прогресспен байланысты жаңа білімдерді, ептіліктерді және дағдыларды толассыз, үздіксіз меңгерудің абсолютті формасының өмір бойғы өзгеруі, дамуы, жетілу үрдісін көрсетеді.

Білім — тек білімдер сомасы ғана емес, ол адамның білімді жинақтауға толассыздығына, оларды қайта өңдеу және жетілдіруге психологиялық дайындылығының негізі.

Білім үрдісінде адам **табиғат, қоғам, ойлау, әрекет тәсілдері туралы білім мазмұнын** меңгереді, ол оған адамдар арасында белгілі жағдайға жетуге, нақты мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізуге, өзге индивидтермен өзара қарым-қатынас жасауға және өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.

Білім адамды интеллектуалды және тәжірибелі дағдылар мен ептіліктер жүйесімен жасақтайды, ол оларға оның өмірінде және кәсіби әрекетінде туындайтын проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

Білім алу үрдісінде адам қоршаған ортаға, өзге адамдарға қатысты эмоционалды-еріктік тәжірибені жинақтайды, оларды бір жағынан өз психикасы мен ішкі жан дүниесін дамытуға, ал екінші жағынан әлеуметтік ортамен өзара тиімді қатынасты ұстануды жетілдіруге мүмкіндік береді.

Сонымен, білім беру басарысында адам өмірінде және кәсіби әрекетінде туындайтын проблемаларды шешуге қажетті **шығармашылық әрекет тәжірибесін** жинақтайды.

Білім берудің нәтижесі болып жан-жақты тұлғаның жетілуі табылады, яғни кең және тұрақты білімі, дағдылары мен ептіліктері бар адамды қалыптастыру, жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларда қоғамдық өмір мен өзін-өзі жетілдіруде елеулі үлес қоса алатын шынайы, тұрақты, мәнді рухани және дене күштерін, қабілеттіліктерін, дарындары мен таланттарын толық дамуытумен қол жеткізе алатын жеке тұлға қалыптастыру.

13. Білім берудің мәні



Түсінік

Оқу (оқыту) — бұл адамдардың білімді, дағдыларды және ептіліктерді, қазіргі өмір мен әрекеттердің талаптарын ескере отыра меңгеруінің мақсатты үрдісі.

Оқытудың мәні. Оқыту қоғамдық құбылыс ретінде үлкендердің мақсатты, ұйымдасқан, жүйелі түрде өсіп келе жатқан ұрпаққа қоғамдық қатынастар тәжірибесін беруі, қорғамдық сананың, өндірісті еңбек мәдениетінің даму нәтижелері, белсенді түрлену мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі білімдер.

Оқыту ұрпақтардың сабақтастығын, қоғамның толық қызмет етуінің және жеке тұлға дамуының сәйкес деңгейін қамтамасыз етеді. Оның қоғамдағы бағыты осыған шоғырланған.

Оқыту үрдісіндегі мазмұнды меңгерудің басты механизмдері болып балалар мен үлкендердің біріккен әрекеті, олардың мазмұнды танымдық қарым-қатынасының өзара әрекеттесуінің арнайы формаларында мақсатты түрде ұйымдастырылуы табылады.

Оқыту нақты-тарихи жағдайларға тәуелді. Түрлі дәуір мен өркениет оны ұйымдастыруда өз таңбасын қалдырады: түрлі әлеуметтік топтарға арналған материалдар мазмұнын жинақтау, сананы манипуляциялау мен идеологиялық ондеу әдістерін іріктеу.

Оқытудың қызметтері. Оқытудың әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық мәні оның қызметінде толық және анық көрінеді.

Олардың арасында өте елеулі бірінші орында тұрғаны — **адамдарда білімдер, дағдылар мен ептіліктерді қалыптастыру**. Оны жүзеге асыру барысында индивидтерде өмірдің барлық жағдайларына және әрекетіне қажетті білім, дағды және ептіліктер қалыптасады және бекиді.

Оқытудың екінші қызметі болып адамның **дүниетанымын қалыптастыру** табылады. Ол балалар мен ересектерде объективті, ақырындап қоршаған орта туралы пікір алысуға мүмкіндік беретін, білімді қорыту шама-сына қарай қалыптасады.

Жеке тұлғаның даму қызметі мен өзіндік ойлау алдыңғы қызметтермен үздіксіз байланыста болады. Адамның дамуы, оның денелік, физиологиялық және психологиялық сипаттамаларының сандық және сапалық өсуі, интеллектуалды алдымен көрінеді.

Кәсіби бағдарлы қызмет. Оқыту үрдісінде және өндірісті еңбекте, нақты білімдер мен дағдыларды кәсіби әрекеттің бір саласында ала отырып, оған деген қызығушылық пайда болады.

Үздіксіз білімге дайындық қызметі адамды өндіріске және қоғамдық қатынастарға бағдарлайды, тәжірибелік қызметке дайындайды, өз политехникалық, кәсіби, жалпы білімдік дайындығын тұрақты жетілдіруге мақсаттайды.

Креативтілік қызметі жеке тұлғаны оның жан-жақты қасиеттерін үздіксіз дамытуға бағыттайды.

14. Оқыту қоғамдық құбылыс ретінде



Түсінік

Тәрбие — қоғамдық құбылыс ретінде — адамдарда қоршаған орта мен қоғамдағы өмірге, ғылыми дүниетанымға, адамгершіліктік идеалдарға, нормалар мен қатынастарға тұрақты көзқарастарды қалыптастыруды мақсатты ұйымдастыру, оларда жоғарғы моралдық-саяси, психологиялық және дене қасиеттерін, сондай-ақ әлеуметтік ортаның және әрекеттің талаптарына сәйкес мінез-құлық дағдыларын дамыту.

Тәрбие және өндіргіш күштер. Тәрбие өзге қоғамдық құбылыстар жүйесінде қызмет етеді. Қоғамның өндіргіш күштерін дайындау қажеттілігі түп тамырлы әлеуметтік қажеттілік, қоғамдық құбылыс ретінде тәрбиенің туындауы, қызмет етуі және дамуының негізі. Қоғамдық құбылыс ретінде тәрбиелеу мазмұнының негізі әрқашанда өндірістік тәжірибелер мен еңбек дағдыларын меңгеру табылған.

Тәрбие және экономикалық базис. Өндіргіш күштерді дамытудың белгілі деңгейі тәрбие сипаттамасын шарттайды: оның бағыттылығы, мазмұны, формалары, әдістері. Гуманистік, демократиялық педагогика үшін мақсат болып адамның өзі, оның табиғи дарындар бірлігінің негізінде жан-жақты және үйлесімді дамуы және өндірісте, қоғамдық өмірде дамытылатын талаптар табылады.

Тәрбие және тіл, мәдениет. Тіл және мәдениет елеулі дәрежеде педагогикалық үрдісті, балалардың адамзаттық тәжірибесін, тәрбие нормаларын меңгеруді, қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша адамдардың біріккен әрекетін қамтамасыз етеді.

Қоғамдық сананың формалары (саясат, мораль және адамгершілік, құқық, ғылым, өнер, религия). Қоғамдық сананың формалары тәрбиелеудің рухани қоректік ортасын көрсетеді.

Саясат тәрбиені өзің қоғамда, өсіп келе жатқан ұрпақтың санасында нығайтудағы каналдардың бірі ретінде қолданады.


Мораль және адамгершілік туған сәттен бастап тәрбие мазмұнына айналады. Сәби қоғамда белгілі моральді нормалардың жүйесін табады, ал тәрбие — оны оған икемдейді.

Құқық балалардың санасына адамды заңды бұзуға жетелейтін, адамгершілік нормаларын жек көруді болдыртпау идеяларын енгізуді ұйғарады. Адамгершілікті мінез заң талаптарына сай, ал адамгершіліксіз оны бұзуға жетелейді.

Ғылым қандай да бір арнайы білім алу, қоғамдық-өндірістік өмірге өтуге арналған шынайы және қажетті база болып табылатын, білім мен дағдылар тәжірибесімен тексерілген, объективті-дәлелді жүйені баланың ақырындап меңгеруіне бағытталады.

Өнер әлемді көркемдік тануды қалыптастырады, өмірге деген эстетикалық қатынасты, адамның жалпы дамуына шығармашылық көзқарасты тудырады, сондай-ақ жеке тұлғаның орнығуына азаматтық және рухани-адамгершіліктік септігін тигізеді.

15. Тәрбие қоғамдық құбылыс ретінде



Дін табиғат және қоғам құбылыстарын ғылым деңгейінде емес, жоғарғы күштерге, о дүниелік өмірге діни наным базасында бейнелейді және түсіндіреді. Сондай-ақ адам дүниетанымын қалыптастыруда тәрбие үрдісіне өз үлесін қосады.

Түсінік

Жеке тұлғаның әлеуметтенуі — ол қоршаған орта мен қоғамдағы рөлді меңгеру, оқыту және тәрбиелеудің құралы арқылы адамдар жинақтаған әлеуметтік даму мен мінез тәжірибесі әрекетінің және өмірінің үрдісінде оны аккумуляирлеу.

Макрофакторлар — ол әлеуметтену мен жеке тұлға дамуындағы әлеуметтік және табиғи детерминанттар, үлкен әлеуметтік ортақтықтар құрамында шарттанған.

Ел, мемлекет (күнделікті түсінікте синонимдер) — түсінік, адамдарды айқындау үшін қабылданған, белгілі территориялды-әкімшіліктік шекарада тұратын және өзара тарихи, әлеуметтік-экономикалық, саяси және психологиялық себептер күшіне қарай біріккен. Елдің, мемлекеттің даму өзгешелігін халық әлеуметтілігінің маңызды ерекшеліктері анықтайды, әсіресе жастардың.

Қоғам түсінігі (күнделікті түсінікте мемлекет түсінігінің синонимі) — педагогикада және өзге ғылымдарда жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуында әлеуметтік шарттардың сипаттамалары үшін педагогикада және өзге ғылымдарда қолданылады.

Мәдениет — адамдардың өмірі мен әлеуметтенуін қамтамасыз етудің рухани формалар жүйесі. Ол адам өмірінің барлық жағын қамтиды — биологиялық (тамақтану, ұйқы, демалу, жыныстық акт, табиғи жіберілістер, бір нәрсеге қажеттілік) өндірістік (өмірлік қамтамасыз етудің материалдық қаражаттарын жасау — еңбек құралдары, тамақ, киім, үй-жай), рухани (тіл және тілдік әрекет, дүниетаным, эстетикалық әрекет және т. б.), әлеуметтік (коммуникация, әлеуметтік қатынастар).

Мезофакторлар — ол жеке тұлға әлеуметтенуінің детерминанттары, орта көлемді әлеуметтік ортақтықтар құрамында шарттанған.

Этнос (ұлт) — белгі территорияда тарихи жинақталған адамдар жиынтығы, бір тілді, мәдениеті мен психика ерекшеліктері бір, сондай-ақ жалпы саналық танымы бар, өздерінің атауымен бекітілген.

Діни жағдайлар — қандай да бір елде, мемлекетте тұратын, өзінің өзгешеленетін ерекшеліктері бар адамдар әлеуметтенуіне сипатты жағдайлар (біртұтас әлеуметтік-экономикалық жүйесі бар, жалпы тарихи өткені, мәдени және әлеуметтік өзгешелігі бар).

Қоныс тиісі — ауыл, аудан, қала, облыс, онда тұратын адамдардың әлеуметтену өзгешілігінің белгілі себептерінің күшіне қарай.

Бұқаралық коммуникация құралдары — техникалық құралдар (мөр, радио, кинематограф, телевидение), олардың көмегімен ақпараттар таратылады (білімдер, рухани құндылықтар, моральді және құқықтық нормалар және т. б.) нысандық үлкен аудиторияларға арналған. Бұқаралық ақпарат құралдары адамдарды тәрбиелеу үрдісінде мемлекетпен, қоғаммен кеңінен қолданылады.

16. Жеке тұлға әлеуметтенуінің факторлары



Микрофактор — ол жеке тұлға әлеуметтенуінің детерминанттары, кішкене топтардағы адамдарды тәрбиелеу мен оқытуға қатысты (жанұяда, еңбек ұжымында, діни ұйымдарда немесе оқу мекемелерінде).

Түсінік

Әлеуметтенудің дәстүрлі механизмі адамның оның жанұясы мен жақын ортасына (көрші, құрбы, кәсіби) сипатты нормаларды, мінез эталондарын, көзқарастарды меңгеруін ұсынады. Бұл меңгеру басым стереотиптерді саналы емес деңгейде қабылдау ретінде жүзеге асады.

Әлеуметтенудің институционды механизмі адам мен қоғам институттарының, түрлі ұйымдармен, әлеуметтену үшін арнайы құрылған, сондай-ақ өзінің басты қызметтеріне параллельді (өндірістік, қоғамдық, клубтық және т. б. құрылымдар, сондай-ақ бұқаралық коммуникация құралдары) өзара әрекеттестігі үрдісінде әрекет етеді.

Әлеуметтенудің стилденген механизмі субмәдениет шегінде әрекет етеді. Субмәдениет деп жалпы түрде, белгілі жастағы адамдарға немесе нақты кәсіби-мәдени қабатқа тән құбылыстары мен моралді-психологиялық қасиеттер, нормалар мен құндылықтар жиынтығы түсіндіріледі.

Әлеуметтенудің тұлғаралық механизмі адамның және оған субъективті маңызды тұлғалармен өзара әрекеті процессінде қызмет етеді және эмпатия мен идентификация тұлғаралық тасымалдауының психологиялық механизмін ұсынады. Маңызды тұлғалар бола алады, ата-аналар, сүйікті ұстаз, құрметті ересек адам, борышкер, өзіндей және қарама-қарсы жынысты дос-құрдас.


Әлеуметтенудің рефлексивті механизмі ішкі диалогпен байланысты, онда адам қарастырады, бағалайды, қабылдайды немесе сол және өзге құндылықтарды жоққа шығарады, қоғамның түрлі институттарына, жанұяға, құрдастарға, маңызды тұлғаларға тән және т. б.

Рефлексия — өзара түсіністік механизмі, яғни адамның өзге адамдарға қандай-да бір әсерді не үшін қалдырғандығы туралы ойлануы.

Рефлексия көмегімен адам қандай да бір шындықты ұғыну, өзі тұратын, осы шындықта өзінің орнын табу мен өзін табу және уайымдау нәтижесінде қалыптаса және өзгере алады.

Әр адамның әлеуметтенуі барлық аталған механизмдердің көмегімен жүзеге асырылады.

17. Механизмдер және әлеуметтену құралдары



Түсінік

Педагогикалық үрдістің субъектілері мен объектілері педагог және бала болып табылады, олар педагогтың жүргізуші ролінде «педагог-бала» динамикалық жүйесін құрайды.

Педагогикалық үрдістің *субъектісі* ретінде педагог арнайы педагогикалық білім алады, өзін өсіп келе жатқан ұрпақты дайындауда жауапты деп санайды, арнайы педагогикалық білім алады. Педагог педагогикалық үрдістің *объектісі* ретінде, толассыз білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, балалармен қарым-қатынасы нәтижесінде тәрбиелік әсерлерге душар болады және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады.

Бала педагогикалық үрдістің *объектісі* ретінде өзімен педагогикалық мақсаттарға сәйкес дамытын және түрленетін жекешелігін ұсынады. Педагогикалық үрдістің бала субъектісі ретінде дамыған, шығармашылық жағынан өзін көрсетуге ұмтылатын, табиғи қажеттіліктермен және бейімділікпен үлестенген, өз қажеттіліктерін, мүдделері мен ұмтылыстарын қанағаттандыратын, педагогикалық әсерлерді белсенді меңгеруге немесе оларға қарсылық білдіруге қабілетті жеке тұлға.

Педагогикалық үрдістің екінші құрауышы болып оның мазмұны табылады. Педагогикалық үрдіс маңызды іріктеледі, педагогикалық талдаудан өтеді, қорытындыланады, дүниетаным тұрғысынан бағаланады балалардың жас ерекшелік мүмкіндіктеріне сәйкес келтіріледі. Педагогикалық үрдістің мазмұнына қоғамдық қатынастар, идеология, өндіріс, еңбек, ғылым, мәдениет облысындағы адамзаттық тәжірибенің негіздері кіреді.

Педагогикалық үрдістің үшінші құрылымдық құрауышы болып, тәрбиелеу мен оқытудың формалары мен әдістері өзегі болып табылатын оның ұйымдастыру-басқару кешені табылады.

Педагогикалық үрдістің төртінші құрауышы болып педагогикалық диагностика көрінеді — оның «денсаулық» жағдайының арнайы әдістемелерінің көмегімен орнатылатын және оның жеке бөліктерінің өмірге қабілеттілігі . Диагностиканың тәсілдері мен әдістеріне жататындар: білімді, ептіліктерді және дағдыларды тексеру; балалардың еңбек, қоғамдық қызметінің нәтижесі; әсіресе олардың өмірлік, экстремалды жағдайда көрінуі, адамгершілік тандауларын, қылықтарды, мінездерді фиксациялау; дербес өнімді жұмыстың жемісі.

Педагогикалық үрдістің бесінші компоненті — педагогикалық үрдістің тиімділік өлшемдері. Олардың құрамына білімдерді, ептіліктер мен дағдыларды бағалау, балаларға телінген нанымдарын, мінез ерекшеліктерін, жеке қасиеттерін экспертті бағалау және сипаттау.

Педагогикалық үрдістің алтыншы құрылымдық құрауышы болып қоғамдық және табиғи ортамен өзара әрекеттестігін ұйымдастыру табылады.

Қоғамдық өмір тәрбиенің маңызды факторы болып табылады. Педагогикалық үрдіс арнайы мақсатты жүйеге оқшаулана отырып, өмірден жекешеленбейді. Оның тәрбиеленушілердің қатынасын ұйымдастыру мақсаты, өз әсерлерін таратуға талпынысы, қоғамдық өмір ортасының педагогизациясы. Педагогикалық ұйымдасқан орта деп педагогикалық мақсаттармен келісті жанұяның, қоғамдық ұйымдардың, еңбек ұжымдарының, бейресми бірлестіктердің әрекетін есептеуге болады.

18. Педагогикалық үрдістің мәні

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮРДІС

Құрылымы

- Педагогикалық үрдістің субъектілері және объектілері;
- Педагогикалық үрдістің мазмұны;
- Педагогикалық үрдістің ұйымдастыру-басқару кешені;
- Педагогикалық диагностика;
- Педагогикалық үрдіс тиімділігінің өлшемдері;
- Қоғамдық және табиғи ортамен өзара қатынасын ұйымдастыру;

Мазмұны

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮРДІС

Түсінік

Оқу үрдісінің қағидалары — ол тұрақтанған және тәжірибемен тексерілген заңды байланыстары мен тәуелділіктері.

Қоғамдық маңызды мақсатты бағытталған оқу-тәрбие үрдісінің қағидасы әр баланың жан-жақты дамуын, барлық балалардың қоғамды қайта құруға қатысуға, демократиялық құқықтық мемлекеттегі өмірге дайындығын жорамалдайды.

Балалар әрекетін ұйымдастыруға кешенді көзқарас қағидасы оны мектеп оқушыларының дүниетанымында қалыптасатын органикалық байланыстарда, қоғамдық қылықтың құнды себептерімен, оқуға, еңбекке, табиғатқа, өз-өзіне, өзге адамдарға адамгершіліктік қасиетпен құруға мүмкіндік береді.

Оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде жеке тұлғаны қалыптастырудың толық және үйлесімділік қағидасы қоғамдық қажеттіліктермен және талаптармен сәйкес, сондай-ақ онда салынған бейімділіктер, дене және рухани ерекшеліктерге қатысты біруақытта дамуды жорамалдайды.

Балалардың ұжымда оқыту мен тәрбиелеудің қағидасы онымен бұқаралық, ұжымдық, топтық, жеке жұмыс формаларын бірізді үйлестіруді қарастырады.

Балаларға талап қою және құрметтеу бірлігі қағидасы маңызды қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуды жорамалдайды және жауапкершілік өзін бекітуге септігін тигізеді, баланы өз көзімен жоғарылатады, оны қанаттандырады және шабыттандырады.

Балалар өміріне **басшылық ету үйлесімділігінің қағидасы**, олардың бастамашылдығын және шығармашылығын оқыту мен тәрбиелеуде дамыту жеке тұлғаның мақсатты бағытталған педагогикалық үрдіске стихиялы әлеуметтік қалыптасуын түрлендіреді.

Балалардың барлық өміріне, оқыту мен тәрбиелеуіне **эстетикалық бағыт беру қағидасы** оларға қоғамдық эстетикалық идеалдардың шынайы сұлулығын тануға мүмкіндік береді.

Дамуына қатысты мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудегі басты рөл қағидасы балада қаланған табиғи бейімділіктерді түрлі қабілеттіліктерге дамыту мүмкіндігін береді.

Оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарына сәйкес балалар әрекетінің әдістері мен тәсілдерін келтіру қағидасы қалыптасқан жұмыс оқу-тәрбие жұмысының мақсаттарына сәйкес және жауап беретін, жүйеге жаңа, жаңашыл әдістер мен тәсілдерді қосуды қамтамасыз етеді.

Жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу қағидасы балаларды оқу-тәрбиелеу үрдісінде, олардың әрқайсысын қайталанбас белсенді және шығармашыл адам қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Оқыту мен тәрбиелеудегі бірізділік және жүйелілік қағидасы педагогикалық үрдісті анық құруға, оның тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Қол жетімділік қағидасы балалармен жұмыс істеуді жеңілдетеді, оны оларға түсінікті етеді.

Мықтылық қағидасы педагогикалық үрдісті өнімді және сапалы жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

19. Педагогикалық үрдісті жүзеге асырудың қағидалары



Түсінік

Педагогтың (тәрбиешінің) *педагогикалық мәдениеті* — ол оның жеке тұлғасының қорытынды сипаттамасы, оның қабілеттілігін, оқушылармен және тәрбиеленушілермен тиімді өзара әрекеттесу үйлесімділігінің оқыту-тәрбиелеу әрекетінде табанды және жемісті жүзеге асыруын көрсетеді.

Мұндай мәдениеттен тыс жерде педагогикалық тәжірибе семіп қалады және әсерсіз болады. Педагогтың (тәрбиешінің) мәдениеті бірқатар қызметтерді орындайды: а) білімдерді, ептіліктер мен дағдыларды беру, осы негізде дүниетанымын қалыптастыру; б) жеке күштерді және қабілеттіліктерді, оның психикасының эмоционалды-еріктік және әрекетті-тәжірибелік салаларын; в) оқушылардың адамгершілік қағидалары мен қоғамдағы мінез дағдыларын саналы меңгеруді қамтамасыз ету; г) болмысқа эстетикалық қатынасты қалыптастыру; д) балалардың денсаулығын нығайту, олардың дене күштері мен қабілеттіліктерін дамыту.

Педагогтың (тәрбиешінің) *педагогикалық бағыттылығы* — ол оның жеке тұлғасының интегративті сипаттамасы, оқу-тәрбие әрекетіне ыңғайлылығын және олардың барысында маңызды және жоғары нәтижелерге қол жеткізу қабілеттілігі.

Ой-өрісінің кендігі, психология-педагогикалық эрудиция және педагогтың (тәрбиешінің) құзырлығы — ол оның кәсіби қасиеттері, олар оған оқу-тәрбиелеу әрекетінде жақсы және нәтижелі ұғынуға мүмкіндік береді.

Педагог (тәрбиешінің) *оқу-тәрбие жұмысында маңызды жеке қасиеттердің жиынтығы* — ол оның ерекшеліктері, адамдарға сүйіспеншілігі, олардың жеке қадір-қасиеттерін құрметтеуге ұмтылу, әрекет пен мінездегі өнегелілік, жоғарғы жұмысқа қабілеттілік, төзімділік. Тыныштық және мақсаттылық.

Оқыту-тәрбиелеу жұмысын оны жетілдірудің жолдарын іздестірумен үйлестіру — ол оның жеке тұлғасының интегративті сипаттамасы, оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға және өз әрекетін үнемі жетілдіруге мүмкіндік береді.

Дамыған интеллектуалды және ұйымдастыру сапаларының үйлесімділігі педагог (тәрбиешінің) онда жоғарғы интеллектуалды-танымдық ерекшеліктерін қалыптастырудың ерекше үйлесімділігі (ойлаудың барлық формалары мен тәсілдерінің дамығандығы, елестің кендігі және т. б.) ұйымдастыру қасиеттері (адамдарды әрекетке итермелеу, оларға әсер ету, оларды шоғырландыру және т. б.) және осы сипаттамаларды ұйымның жетістігіне және оқу-тәрбие әрекетінің тиімділігін жоғарлатуда көрсету қабілеттіліктері.

Педагогтың (тәрбиешінің) *педагогикалық шеберлігі* — педагогикалық ойлаудың даму синтезі жоғары, кәсіби-педагогикалық білімдері, дағдылары, ептіліктері мен эмоционалды-еріктік мәнерлеу құралдары, педагог және тәрбиеші тұлғасының жоғары дамыған сапаларымен өзара байланысқанда оқу-тәрбие тапсырмаларын тиімді шешуге мүмкіндік береді.

20. Педагог және тәрбиешінің педагогикалық мәдениеті



Мазмұны

1. Педагогика пәні.....	4
2. Педагогика тапсырмалары	6
3. Педагогика ғылымының құрылымы.....	8
4. Педагогика ғылымдарының салалары.....	10
5. Педагогиканың өзге ғылымдармен өзаралығы.....	12
6. Педагогика ғылымының даму тарихы.....	14
7. Қазақстандық педагогика ғылымының даму кезеңдері	17
8. Қазақ педагогикасының дамуына үлкен үлес қосқан ғалымдар	22
9. Адам тұлғасын қалыптастырудың факторлары.....	24
10. Өзін-өзі тәрбиелеудің әдістері.....	26
11. Өзін-өзі тәрбиелеу үрдісі	28
12. Өзін-өзі тәрбиелеудің сипаттамасы	30
13. Білім берудің мәні	32
14. Оқыту қоғамдық құбылыс ретінде	34
15. Тәрбие қоғамдық құбылыс ретінде	36
16. Жеке тұлға әлеуметтенуінің факторлары	38
17. Механизмдер және әлеуметтену құралдары	40
18. Педагогикалық үрдістің мәні	43
19. Педагогикалық үрдісті жүзеге асырудың қағидалары	46
20. Педагог және тәрбиешінің педагогикалық мәдениеті.....	49

*Гулмира Съезбекқызы Имажанова
Алдаберген Балтабайұлы Рахметуллаев
Әния Елешқызы Садықова*

П Е Д А Г О Г И К А

*Білім алушылардың педагогика
пәні бойынша танымдық құралдары*

Оқу-анықтамалық құрал

Редактор: *Г. А. Кадирберлина*
Техникалық редактор: *Р. М. Стафеев*

Тексеруге 24.06.2016 ж. 11.07.2016 ж. қол қойылды.
Қалабы 60×84^{1/16}. Офсеттік қағаз. Офсеттік баспа.
Шартты баспа табақ. 3,02. Есепті баспа табақ. 3,01.
Таралымы 100 экз. Тапсырыс № 890.

Қазақстан Республикасы ПИМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа
жұмысын ұйымдастыру бөлімі.

Қазақстан Республикасы ПИМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының 2015 жылға арналған әдебиеттер
шығару жоспарының № 29.

Қазақстан Республикасы ПИМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының баспаханасында басылды.

Қарағанды қаласы, Ермаков көшесі, 124.